

фессионализм, эрудиция, самодисциплина, стремление к творчеству способствуют формированию подобных качеств и в студенческой среде. Именно интеллигентность, коммуникабельность, тактичность создают такую атмосферу между преподавателями и студентами, когда последние становятся равноправными субъектами единого процесса образования и воспитания, саморазвития, социокультурного определения.

В этих направлениях активно ведут свою профессиональную и воспитательную работу преподаватели кафедры дошкольного, начального и специального образования.

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА СТУДЕНТТЕРДІ БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҮЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Бикенова Г.С.,

Костанай мемлекеттік педагогикалық институты

Әлемдегі бәсекелестікке қабілетті елу елдің санатына қосылу үшін білім беру жүйесінде де күрделі өзгерістердің туындайтынын біз білеміз. Сондықтан да қазіргі оқу - тәрбие ісінде сараптай және дұрыс шешім қабылдай алатын және оларға жауапты болатын тұлғаның тәрбиесі қажет. Ал білім ордасы, қоғам және отбасының басты мақсаты – жас ұрпақты азамат ретінде сезінуіне ықпал етіп, өзін өмірде толық іске асыруына, өзінің әлеуметтік рөлі мен өмірлік мұратының мәнін ұғынуына, интеллектуалдық әлеуетін көтеруге және әрбір жеке тұлғаның өзіндік ішкі мүмкіндіктерін толық пайдалана білуге үйрету болып табылады. Еліміздің әрбір студентін дара тұлға ретінде жетілдіру, оның шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып нағыз ел азаматы етіп тәрбиелеу – бүгінгі күннің мәселесі.

Адамның жастық шағы студенттің ЖОО оқу кезеңімен сәйкес келеді. Жастардың осы кезеңінде жақсы оқытушыны кездестіргені қандай жақсы. ЖОО студенттер таңдаған мамандықтарын игерумен ғана шектелмейді. Бұл құрдастарымен тығыз араласып, өздерінің қабілеттерін, не нәрсеге икемдері бар екендіктерін көрсететін уақыт, яғни ЖОО студенттер оқу үдерісіне ғана емес, тәрбие жұмысына да тартылады. Оқу үдерісіне қарағанда, тәрбие үдерісі маңыздырақ сияқты, себебі егер де бұрын адам игерген мамандығымен өмір бойы жұмыс жасаса, сонғы кездері адам еңбек рыногындағы қажетті мамандықтар бойынша қайтадан білім алып, мамандықтарын өзгертіп жүр. «ЖОО неге үйрету керек?». Адамға өмір бойына қажетті тәрбие, қоғамда өмір сүре білу, ал белгілі бір оқу пәндері осы іскерліктерге қол жеткізетін құрал болып табылады. Тәрбие үдерісінің маңыздылығын ЖОО және орта білім беретін мекемелерге қойылған талаптардан көруге болады.

Қазіргі кезде барлық ЖОО тәрбие жұмысына көп көңіл бөлінген. ЖОО ұжымы оқу және тәрбие үдерісін дұрыс ұштастыра отырып, студент шығармашылықпен айналыса алатындай, еліміздің мәдениетінің негізін құрайтын құндылықтарды бағалай білуге, дұрыс таңдау жасай алауға үйретеді.

Оқу және тәрбие үдерісі бір бірімен тығыз байланысты, бір-бірінен бөлек қарауға болмайды: әр оқытушы дәріс және практикалық сабақ үстінде білім беруде, өз көзқарасымен және тәжірибесімен бөліседі, яғни тәрбиелейді. Оқытушылар аралында осы проблемаға бірдей қарамайды. Көптеген әріптестер өздерінің тәрбие үдерісіне қатыстары жоқтығын, бұл тек жанұяға қатысты екендігін айтады, ал кей оқытушылар керісінше жастардың намысына тиетіндей сөздер айтып, «тәрбиелей» бастайды. «ЖОО студенттер тәрбиесі қалай жүзеге асу керек?». Бұл мәселенің екі аспектісін атап өтуге болады.

ЖОО оқытушысы студентке қалыптасып келе жатқан тұлға ретінде құрметпен және түсіністікпен қарау керек. Қазіргі қоғамда студенттердің аудиторияда отыра алмайтындай атмосфера жасайтындары оқытушыларды кездестіруге болады. Сондықтан да студенттер арасында анкета жүргізген дұрыс, басшылық осы анкета арқылы студенттермен жұмыс жасай алмайтын оқытушыларды анықтай алады.

ЖОО тәрбие үдерісінің екінші аспектісі – бұл тәрбие үдерісіндегі бюрократия, яғни қағаз жүзіндегі «тәрбие». Кураторлар толтыратын қағаздар саны соңғы жылдары өсіп кетті, куратордың көп уақыты жоспар жасауға, есеп жазуға кетеді.

Қазіргі кездегі тез өзгеріп жатқан қоғам өз мүшелерінің белсенді болуын, өмірдің түрлі салаларында және өндірісте өз білімдерін шығармашылықпен түрлі жағдайларда, жағдайлар ерекшеліктерін ескере отырып пайдалана алатындай жеке тұлға ретінде қалыптасуын талап етеді. Әлеуметтік-экономикалық өзгеріске толы қазіргі қоғамда, экономика мен бизнесті дамыту, еңбек нарығы жоғары білімді мамандар дайындауды міндеттеп отыр. Адам ЖОО кәсіби білім мен іскерлікті игереді, бірақ жоғары оқуды аяқтаған жас маман жаңа кәсіби ортаға үйрену үшін біраз уақыт кетеді. Осындай нәтижеге жетуге болашақ мамандардың бойында лидерлік қабілеттің жоқтығы кедергі жасайды /1; 8/. Педагогикалық ғылымда және практикада бұған белгілі көңіл бөлінгендігін атап өткен жөн.

Қазіргі уақытта жұмысшының лидерлік және ұйымдастырушылық қабілеті атқаратын қызметі мен негізгі кәсібіне қарамастан сұранысқа ие. Тұлғаның таным және қарым-қатынас үдерісіндегі қабілетін қалыптастыру туралы О.А. Абдуллина, В.П. Зличенко, А.И. Ковалева, С.Л. Рубинштейннің еңбектерінде жазылған. Қалыптасып келе жатқан еңбек нарығы жоғары білімді мамандар дайындауда нақтылы талаптар қояды. Бұл кәсіби іскерлігіне бағытталған тұлғаның қабілеттерін қалыптастырудағы белгілі бір компетенттілік. Осыған байланысты студенттердің болашақта өзінің және өзгенің жұмыстарын ұйымдастырудағы іскерліктерді дамытуда бағытталған аудиториядан тыс түрлі жұмыс формалары мен әдістерін зерттеу актуальді, яғни болашақ мамандардың көшбасшылық (лидерлік) қабілетін дамыту.

Еліміздің түрлі ЖОО өткізілген көптеген зерттеулер бойынша мынадай шешім жасауға болады:

1. Тәрбие тұлғаның қалыптасуының мақсатты түрдегі үдерісі ретінде білім беру үдерісінің негізгі бөлігі болып табылады.

2. Тәрбие-интерактивті үдеріс, жақсы нәтижелерге екі жақтың, яғни педагог пен студенттің бірлескен жұмысы арқылы қол жеткізуге болады.

3. Тәрбие үдерісі кәсіби дайындалған мамандар арқылы жүргізілуі керек.

Студенттің, болашақ маманның тұлға болып қалыптасуы қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени ортаның әсерімен өтеді. Маңызды рөлді бұл жерде ЖОО ұжымының тәрбие жұмысы жүйесі атқарады. Оқытушылардың тәрбие жұмысындағы нәтиже ЖОО тәрбие жұмысының ғылыми негізділігінің деңгейі арқылы анықталады, яғни студенттер тәрбиесінің мақсаты, міндеттері, мазмұны, мен әдістері.

ЖОО студенттер тәрбиесі педагогиканың ең негізгі категорияларының бірі. Бұл болашақ мамандардың бойында кәсіби маңызды жеке тұлғалық қасиетті қалыптастырудағы оқытушылар мен студенттердің бірлескен жұмыс үдерісі. Тәрбие үдерісінің мәні жастардың болашақта өз игерген кәсібін қоғамда қолдана алуға бейімдеу. Студент тәрбиелеу үдерісі оның кәсіби маман және азамат ретінде қалыптасуын басқару үдерісі. Жалпы басқару теориясын негізге ала отырып тәрбие маманның жеке тұлға ретінде қалыптасу үдерісін басқару ретінде мынадай қызметтерді қамтиды:

- студент тәрбиесі, білімі мен дамуының диагностикасы;

- маманды дамыту жобасы, қажетті тәрбие жоспары;

- тәрбие жұмысын ұйымдастыру;

- тәрбие жұмыстарының нәтижелерін сараптау, даму жобасының тәрбие нәтижелеріне сәйкестігін бақылау.

Тәрбие жұмысын жүргізу түрлі деңгейлерде өтеді. Ректорат тәрбие саласындағы саясатты анықтайды, деканат ЖОО бекіткен тәрбие жұмысының жоспары бойынша факультеттегі тәрбие жұмысы жоспарлайды және ұйымдастырады; кафедра тәрбие жұмыстарын, факультеттегі кураторлар жұмысын басқарады. Кафедра кураторлар тағайындайды, кафедра пәндерінің төңірегінде оқу үдерісінің тәрбиелік бағытын қамтамасыз етеді.

Болашақ мамандардың жалпы және кәсіби мәдениетін дамыту және қалыптастыру студенттер тәрбиесінің мақсаты болып табылады. ЖОО тәрбие жұмысы мәдени ортада, қоғамда және еңбекте өзін көрсете алатын білікті маман дайындауға бағытталған.

ЖОО тәрбие жұмысының міндеттері:

- рухани дамыған, жаңашыл және алдағыны болжай білетін тұлғаны тәрбиелеу;
- динамикалық түрде дамып келе жатқан демократиялы, көпұлтты қоғам және мемлекет жағдайында кәсіби және тұлға ретінде өзін белсенді көрсете алатын студенттердің бойында жеке және кәсіби қасиеттерді қалыптастыру;
- болашақ мамандар бойында өз таңдаған мамандығының әлеуметтік рөлі, өз мамандығына, өз ісіне жауапты қарауды қалыптастыру. Жеке деңгейде тәрбие жастардың өмірлік көзқарасының қалыптасуымен тығыз байланысты, яғни өмірге, қоғамға, өзіне, қоршаған ортаға, өткенге, келешегіне деген көзқарасына байланысты.

Бұл жерде үш негізгі мәселені көрсетуге болады:

1. Өмір деген қандай, оған қалай қарау керек, жақсылық және жамандық, кімге және неге сену керек, адамның идеалы қандай, яғни өмірге деген көзқарасқа байланысты сұрақтар.

2. Өз өміріңді қалай құруың керек, қандай құндылықтарды өзіңдікі деп есептеуге болады, қандай дәстүрді ұстануға болады, кәсіби ортада неге талпынуға болады, кімді үлгі тұтуға болады, бос уақытыңды неге арнауға болады;

3. Адамдарға, қоршаған ортаға, жақындарына, достарына қалай қарау керек, жанұяда қарым қатынасты қалай құру керек, жанжалды қалай шешу керек, баланы қалай тәрбиелеу керек, басқа ұлт өкілдеріне, өзгенің мәдениетіне, сеніміне және т.б. мәселелерді қалай шешуге болады. Оқытушылар алдында студенттерді тұлға ретінде қалыптастыруға байланысты тәрбиелік міндеттер тұр /2; 12/. Студентті болашақ өмірінде өз күшіне және мүмкіндіктеріне сенетін, өзінің белсенділігі және ақылы арқылы өзінің орнын өмірде таба алатындай тұлға ретінде қабылдау.

Студенттермен жұмыс жасауда тәрбиенің мынадай негізгі қағидаттарын (принцип) оқытушылар құрамы ұстану керек және бұл өте маңызды:

- адамгершілік бағыты;
- оқу және тәрбие үдерісінің біртұтастығы;
- тәрбиенің жеке тұлғаға бағыттылығы;
- тәрбиедегі шығармашылық бастау;
- бірізділік пен жүйелілік;
- тәрбиенің мазмұнын студенттердің әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағыттау.

Яғни, толығырақ айтсам, студенттерді тәрбиелеудің мынадай негізгі қағидаларына тоқталуға болады:

– рухани және физикалық дамуда жеке басының қажеттілігі азаматтық ұстанымы қалыптастыру қажеттілігін, патриоттық сезімнен қазіргі заманға даму жағдайында өмірге және еңбекке деген қабілеттілік пен демократияға, толерантылыққа, шығармашылық бағытқа, жан-жақтылыққа және жеке бастың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға қажеттілігінен туындайтын жалпы азаматтық гуманистік құндылықтардың басымдылық қағидасы /3, 10/.

– этникалық қағида- этникалық мәдениеттердің бірігуі, азаматтық келісім мен үйлесімдік, қоғамдық қарым -қатынаста жетістікке жету негізінде жалпы ұлттық мәдениеттің өркендеуіне әкелетін мәдениет тудырушы орта қалыптастыруды қарастырады. Дәстүрді, тілді, психикалық негізбен этникалық ақыл есті камтитын рухани өмір саласына тартатын бір уақытта әлем мәдениеті құндылықтарын меңгере отырып, ана тілімен мәдениетіне тарту арқылы этномәдени бірігейлікті сақтауға субъектілердің іс-әрекетін ұйымдастыру қажет.

– тұлға мен қоғам қызығушылығының үйлесімділігін, теңдігін, серіктестігін болжайтын демократизм қағидасы;

– тәрбие үрдісінің бірізділігі мен біртұтастығын, сабақтастығын болжайтын жүйелі қағидасын;

- кәсібиліктің және әлеуметтіліктің бірлігі қағидасы;
- жеке тұлғаға бағытталған тәрбие қағидасы іс-әрекеттің ұжымдық формаларымен үйлестіре отырып тәрбиелеу;
- студенттердің мүмкіндіктері мен жеке басының ерекшеліктерін ескеру қағидасы;
- тәрбиені мемлекет және қағам өмірімен байланыстыру қағидасы;
- тәрбие жұмысының ұтымды түрлері мен әдістерін таңдауды білдіретін вариативтік қағида.

ЖОО тәрбие жұмысының түрлі бағыттарды қамтиды, кәсіби, азаматтық, эстетикалық, адамгершілік негізгілері болып табылады. Тәрбиенің басқа да бағыттары бар, мысалы: еңбек, құқықтық, дене тәрбиесі және т.б. Қандай да бір белгілі оқу орны өзінің бағытын (профилін) ескере отырып, негізгі бағыттармен қоса, өз мамандықтарын дайындаудың спецификасын көрсететін бағыттарды тәрбие мазмұнына енгізе алады. Тәрбие жұмысындағы басты бағыт болашақ мамандарды кәсіби тәрбиелеу, бұл тәрбие нәтижесінде кәсіби құндылықтар жүйесі жасалады, кәсіби мәдениет қалыптасады /4, 2/.

Оқытушының тәрбиелік шеберлігі көп аспектілі, студенттің ақылына, сезіміне және жігеріне әсер ететін, сөйтіп тәрбие міндеттерін табысты орындайтын іскерліктерді қажет етеді. Бұл шеберлік-ЖОО тәрбие үдерісінің психология және педагогикалық заңдылықтарын білу, жастардың ерекшеліктерін білу, тәрбиедегі әдістер мен тәсілдерді қолдануда дамуы мен өзгеру үдерісін білу. Студенттерді тәрбиелеуде оқытушы көптеген педагогикалық іскерліктерді қолданады, олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- педагогикалық жағдаяттарға сараптама жасау және бағалау;
- студентті жеке және ұжыммен бірге зерттеу;
- тәрбие жұмысын жоспарлау;
- студенттерді ұйымдастыру;

• студентке сөзбен әсер ету, көзін жеткізу. Осылай ету оқытушы жұмысында шынайылықты көрсетеді, бұл педагогикалық шеберліктің маңызды белгісі болып табылады.

Факультеттегі тәрбие жұмысында кураторлар ерекше орын алады. Академиялық топта куратор тәрбие үдерісін ұйымдастырады және бағыттайды; деканат пен топтың арасын байланыстырушы болып, факультет және ЖОО өміріндегі маңызды оқиғалар туралы ақпарат береді, студенттердің оқу және аудиториядан тыс жұмыстарына бақылауды жүзеге асырады.

Соңғы он жылдағы біздің қоғамдағы өзгерістер жана қарама-қайшылықтарды тудырып отыр. Мұнда әрбір педагогикалық ұжым тәрбиелік жүйені халқымыздың мәдени тарихи дәстүрлеріне, жастар табиғаты сай үлгілеуге және жаңғыртуға мүмкіндік алып отыр. ХХІ ғасырдағы қоғамның кейбір қайшылықтарына қарамастан, біз жастар тәрбиесі ең маңызды қоғамның бөлігі болып табылатын келешек қоғамды көреміз /5; 12/.

Болашақтың негізгі кілті-қоғамның салауатты күшінің нығаюына сүйенетін мақсатты бағытталған, динамикалы, тиімді тәрбиелеу жүйесі. Бұл мақсатқа оқытушы мен студент арасында бірігіп жұмыс істеуге, түсінушілік пен қарама-қайшылық болмаған жағдайда жетуге болады, оқытушылардың тәрбие әлеуетінің шоғырлануы, жоғары оқу орындары кафедраларының оқу, ғылыми және тәрбие үрдісінің бірігіп қамтамыз етуі болашақ мамандардың бойында кәсіби және интеллектуалды күзіреттілік қалыптастырады, ғылыми зерттеу жұмыстарына деген қызығушылықтарын, кәсіби қызмет нәтижесіне деген азаматтық жауапкершілігін, кәсіби этика нормаларын шындайды. Әрбір студентке оқу еңбегінің дағдыларын меңгеруге, олардың психологиялық проблемаларын шешуге, жоғары оқу орны өмірінің дәстүрлерімен және нормаларымен таныстыруға көмектесетін кураторлар институтының маңызы зор.

Сонымен қатар, студенттердің тәрбиесі үшін көптеген мамандардың қатысуы маңызды. Жоғары оқу орнындағы кітапхана, спорт клубы, мұражай, әрбір бағытта құрылған үйірмелер, әлеуметтік бағамы жоғары жобаларға қатысусыз ЖОО дамуы мен өсуін елестету мүмкін емес. Студенттер арасында біраз әлеуметтік-психологиялық түсінбеушілік жағдайлар туындауы мүмкін. Оның пайымдауынша жоғары оқу үлгеріміне жете аламын ба, студенттік ұжымдар арасындағы қарым-қатынас, университет әкімшілігі мен оқытушылар құрамы өзі-

нің қуанышын, білімін бөлісе ала ма деген ой. Бұл жағдайда тәлімгер оқытушылардың, шығармашылық ұйымдардың, жас құрамына қарай құрылған студенттік топтардың күші әсер береді. Бұған ақпараттық, психологиялық, әлеуметтік және т.б. құрылымдарды жұмылдыруға болады. Олар ірі жоғары оқу орындары арасындағы мақсатты кешендерге-салалық, аймақтық кешендерге бірігіп, қоғамдық және мемлекеттік құрылымдардың қолдауына сүйене отырып, кәсіби білім беру мекемелерінің топтарымен жұмыс істей алады.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. edu.gov.kz

2 Жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмысының өзекті мәселелері: Әдістемелік құрал /Ж.Қ. Боқанова, Ж.К. Кәрімова, Г.Т. Ильясова, Б.Б. Масатова, А. Ж. Жанаев, В.О. Мұстафина, Г. А. Рау. – Астана: «Шикула и К» ЖШС, 2013.

3 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. edu.gov.kz

4 Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. М, 2001ж.

5 Богоявленская Д.Б. Творческая личность: ее диагностика и поддержка // Психологическая служба вуза: принципы, опыт работы. – М., 1993.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МӘНІ

Бисенғали М.Ғ.,

Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ, Арқалық қ.

Дене тәрбиесіне арналған ойындар неше ықылым заманнан бері адамзат қауымымен бірге жасап келе жатқаны мәлім. Адамзат қауымының ілгерілеуіне үлкен үлес қосқан ежелгі: грек, рум, мысыр жұртының дене тәрбиесіне арналған жүйелі ойындары болған. Ал, Эминдер олимпиялық ойындар өткізіп, адам мүсінінің сұлулығын арттыруда дене тәрбиесінің зор роль атқаратындығына мән берген. Қазіргі уақытта біздің еліміздің территориясын мекендеген халықтардың ойындары, дене тәрбиесі жайында жазылған еңбектері тым тапшы, сондықтан да бүгінгі күні Қазақстан аталған республиканың жерінде тіршілік еткен халықтардың, соның ішінде, қазақ халқының дене тәрбиесі туралы пікір айту үшін біз алдымен фольклорға жүгіндік. Ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға көшіп келе жатқан адам тіршілігінің, күнделікті өмірінің сан-саласын қамтитын ауыз әдебиеті бабаларымыздың өздерін қоршаған орта, табиғат туралы сезімін, эстетикалық талғамын, туған жерге, елге деген патриотизмін, ата-ана, аға-іні, апа-қарындас, сүйген жарға деген махаббаты, сол заманның билеушілеріне деген көзқарасын, болашаққа деген тәтті арманын, қысқасы, олардың басынан кешкендерін түйсінулерін біздерге жеткізеді. Оны тұрғыдан қараған Ф. Энгельс: «... бұл, «көне заман» қандай жағдайлар да да келешектегі барлық ұрпақтар үшін өте қызғылықты заман болып қалмақ, неге десеңіз ол соңырақтағы неғұрлым жоғары дамудың негізін құрайды, неге десеңіз оның басталатын жері- адамның хайуанат дүниесінен бөлініп шыққан жері де, ал мазмұны болашақтың ынтымақтасқан адамдарына – ешуақытта кездеспейтін қиындықтарды жеңу» – дейді.

Аң алуан, құс ату, ұстау үшін адам үнемі шынығуға, күшін, ептілігін, мергендігін арттыруға мәжбүр болды. Олар бұл үшін түрлі қолайлы құралдарды ойлап шығарды. Көшпелілердің жабайы бұғыны ұстау үшін қарда шаңғыны, мұзда конькиді пайдаланғаны сөзсіз. Қостанай өңірінде біздің эрамызға дейінгі алғашқымың жылдықта өмір сүрген адамдардың тұрағынан табылған құралдарының арасынан сүйектен жасалған алты коньки мұны дәлелдеп отыр. Тарих ғылымының кандидаты А. Хазанов бұл конькиді жасауға жылқының алдыңғы тілдерсек сүйегі алынған деген пікір айтады, конькидің төменгі жағынан аяққа байлайтын жіп өткізетін тесік жасалынған. Мұндай сүйек конькилер Норвегияда он жетінші ғасырдың аяғына дейін қолданылып келді. Сөз жоқ Қостанай маңынан табылған алғашқы сүйек конькилер